



Калиаскаров Нурахмет

Қалиасқаров Нұрахмет — саналы ғұмырын білім беру ісіне арнаған ардақты ұстаз. 1940 жылы Бесқарағай совхозында мұғалімдік еңбек жолын бастады.

1944 жылы Жас-Еңбек жетіжылдық мектебіне директор болып тағайындалды.

1945 жылы Первомай бастауыш мектебінде ұстаздық қызмет атқарды.

1946 жылы Қызыл-Ағаш бастауыш мектебіне меңгеруші болып ауыстырылды.

1947 жылы Бесқарағай бастауыш мектебінде мұғалім болды.

1949 жылы Шарбақты мектебінде қызмет етті.

1950 жылы Сталин атындағы орта мектепте физика және математика пәндерінен сабақ берді.

1952 жылдан бастап Шарбақты орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болды.

1962–1984 жылдары Шарбақты мектебінде 5–8 сыныптарға еңбек пәнінен сабақ беріп, жас ұрпақты тәрбиелеуге зор үлес қосты.

Нұрахмет Қалиасқаров — өз ісіне адал, шәкірт тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік танытқан, ауыл ағартуына өлшеусіз үлес қосқан ұстаз.

1990 жылдың 19 қарашсында мәңгілік сапарға аттанды.